

КЕЙКІ БАТЫРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕНІҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Толқын Амантайқызы Еришева

тарих магистрі

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

«Торғайдың ұлан-байтақ даласында, Жыланшық-Жайылманың арасында Керемет Кейкі деген батыр өткен, Қазақтың ондай жан жоқ баласында» [1] – деген екен Серік Тұрғынбекұлы өзінің Кейкі батыр атты поэмасында.

1916 жылғы Торғайда болған ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, атақты мерген Кейкі Көкембайұлының есімі бұрын ел аузында жүргенмен ол туралы тәуелсіздік алған жылдардан кейін ғана ашық айта алдық. Еліміз қызыл империяның бұғауынан азат болған соң ғана оның өмірі мен ерлік істері зерттеле бастады.

Халқы қалап қас мерген атап кеткен Кейкі Көкембайұлы 1871 (1877) жылы бұрынғы Қайдауыл болысы қазіргі Амангелді ауданына қарасты Байтұма қопасы деген жерде дөңгелек шаруасы бар аңшы отбасында дүниеге келген. Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Құланқыпшақ руынан шыққан [2]. Кейкінің азан шақырылып қойылған аты – Нұрмұхаммед, ел арасында Нұрмағанбет деп аталып кеткен. Кейкі аталуының сыры – жасынан аң-құс аулап, кісіге онша қосылмай, біртүрлі кейкііп жапанда жалғыз жүргендігінен.

Әкесіне еріп қаршадайынан аң аулап, несібесін түзден тапқан. Туа біткен табиғи қасиеті шығар, көздегенін құр жібермейтін, сілтегенін сілейтіп түсіретін қол мерген болыпты. Сонан жұрт оны жастайынан-ақ Мерген атап кеткен. Бір өңірде туып, бір өзеннің бойында өсіп бала күнінен біте қайнасып, бірге ойнаған *Амангелдімен* әу бастан-ақ жанаяспас дос болған. Екеуінің де ержүрек батыр, ерен мерген деген атағы елге ерте жайылған [3]. Ат жалын тартып мінгесін-ақ елін жауға алдырмайтын, жерін дауға салдырмайтын шын мәніндегі халық қамқорына айналады.

Кейкіге де батыр атағын берген халық. Ол оны ата-бабасынан қалған мирасқорлық жолымен алған жоқ, оған өзінің жеке басының батылдығымен, батырлығымен, қайсарлығымен ие болған. Қазақ даласында бейбіт заман кезінде батылдық пен батырлық сынға түсетін барымта мен қарымтада Кейкі ауылдың малын шапқан қарулы топтарға сойыл, шоқпармен талай рет жалғыз шауып, алға қарай аттаттырмаған. Сойылмен соғып құлату, шоқпармен ұрып мұрттай ұшырудың шебері Кейкі барымташыларды да, қуғыншыларды да бір-ақ ұрып, шетінен аттан құлатып кете беретін болған.

Кейкі – палуан денелі, түсі суық, ашуланғанда екі көзі қып-қызыл от болып жанып кететін, бірбеткей, қайсар, Арқа жерінің ой-шұқырын жатқа білген, ауа-райын алдын-ала жетік болжаған адам болған. Көзінің өткірлігі өте ғажап. Тіктеп, назарын салып қараса, екі көзі кісінің өңменінен өтіп кетеді. Кезінде ауыл ақсақалдары: «Нұрмағанбет батыр болып туған азамат қой: Көзіне жауы түгілі, досы да тіктеп қарай алмайды-ау. Батырлардың көзі ғана осындай болады», – деп айтқан.

Қолына Құран ұстап, намаз оқыған, ғайбат сөз айтпаған, теріс қылық жасамаған, өте әдептілігімен ауылдастарының сый-құрметіне бөленген. Кейкі тарихта көздемей құралайдың көзінен тигізетін таңғажайып қолмергендігімен қалғанымен, ол – шоқпар шайқасының теңдесі жоқ шебері, әйгілі камшыгер. Қашқанда да, қуғанда да не шоқпарын, не камшысын бір-ақ рет сілтеген. Қазақтың термесі мен халық жырларын сүйіп тыңдаған, өзі де домбыра тартқан. Ел аузында «Кейкінің салауаты» деген жыр сақталған.

Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің

қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Кейкі батыр көздеп жатпай-ақ, қаруын кезене бере діттеген нысанасын қағып түсіретін мерген болатын. Ал Амангелдінің көздеп атқанда оғы жерге түспеген деседі.

Кейкі Көкембайұлы Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен белсене араласып, сол көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болды. Көтерілісшілердің негізгі қарулы күші – мергендер жасағын басқарған. Көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрған. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы соңғы ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті. Қоршауда қалған талай қақтығыстарда оны қасқая жарып шығып, сұсыменен-ақ өзіне қарсы оқ аттыртпады. Кейкіні көрген, кешегі қиын кезде соңына ерген адамдар оның өлімнен қорықпайтын өжеттігін, көздегенін құр жібермейтін мергендігін жыр қылып айтады.

Батырлардың ішінде ата-бабаларынан бері қарай батыр атанып келе жатқандар да, ауыр жараланса да ұрыс алаңын тастамай, шайқасып, сол ерлігі үшін батыр, «қара батыр», «Қара берен батыр» атанғандар да, қауіп-қатерге қарамастан жауға жалғыз шауып, ұрысқа жалғыз кіріп «Жеке батыр» лауазымына ие болғандар да аз емес.

Кезінде Кейкіні Әбдіғапар, Аманкелді, халық **«Қара берен Кейкі батыр»** деп атағанын көп адамның білмеуі мүмкін. Оған мынандай оқиға себеп болса керек.

... Доғал соғысы қызған кезде Кейкінің жауырынына оқ тиіп, жараланады. Жарақаты жанын қаншама қинаса да, ол оны сарбаздарына білдірмей, ұрыс сала береді. Содан аласапыран шайқас аяқталып, жазалаушы отряд Қараторғай болысының жерін тастап кеткенше, емделуге бармайды. Мергендер соғыс біткен соң ғана Кейкіге оқ тигенін біліп, қатты қайғырады. Кейкі үн-түнсіз жүріп кетеді де, біраз жол жүріп, Тастының бойындағы Мизанбай деген оташыға келіп, жауырынындағы оқты алып тастауын өтінеді. Мизанбай: «Оқ сүйекте емес, қалың етте тұр. Ала алмаймын», – деп бас тартады. Кейкі: «Өзім етімді тіліп алып тастар едім, арқама қолым жетпейді, сен алып таста», – деп бірнеше рет қолқа салады. Мұндай тереңдікте тұрған оқты алып көрмеген оташы көнбейді. Сол сәтте Кейкі бесатарына қолын созып: «Сен мені осы оқтан қиналып, қансырап өлсін деп тұрған шығарсың, оқты алмасаң, өз обалың – өзіңе, қазір табанда сені атып тастаймын!», – деп түсін суытады. «Батыр, тірідей етіңізді тілу өте ауыр ғой, оған шыдай аласың ба?» деген оташының сөзіне «Шыдаймын! Тез етімді кес!» - деп Кейкі айқайлап жібереді. Оташы жалма-жан Кейкінің жауырындағы етті аямай тіліп жібереді де, оқты суырып алады. Қатты тістеніп, тастай қатып қалған Кейкі сонда ғана «Уһ!» деп ауыр күрсінеді де, оқты орамалына орап, қалтасына салып, әлдекімге ызаланған кейіпте тісін шақұр-шұқыр еткізеді. Оташы Мизанбай Кейкінің жарасын жуып, тазартады да ақ матамен жауырынын мықтап тұрып орап береді.

Осы оқиғаны естіген Әбдіғапар да, Амангелді де хан кеңесінде «Қайран Кейкі, «Қара берен батыр ғой» - деп қатты риза болады.

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болғанын армандады, қызылдардың халықты дінінен, тілінен, жерінен айыруға бағытталған саясатына ашықтан-ашық қарсылық көрсетті. Жас кезінен бірге жүрген қандыкөйлек серігі Амангелді батыр мен хан ретінде қатты құрметтеген Әбдіғапар қастандықпен өлтірілгеннен кейін қызылдардың да, алаштардың да жағына шыққан жоқ. «Ақ орысың не, қызыл орысың не, сары орыстың – бәрі орыс» деп Азаттық деген жолдан таймай партизандыққа, кеңеске қарсылық жасаушы топтарға қосылып жүріп, соңында жеке қалған. 1919 жылы 18 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі батыр қуғынға ұшырайды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамайды. Біраз жыл Ұлытау, Қызылқұм жағында бой тасалайды. Ұлытауда жасырынып жүрген кезінде мекендеген **Кейкінің үңгірі** әлі күнге дейін бар. Оған барудың өзі қиын, адам аяғы жете бермейтін жерде орналасқан. Туған жерінің төсінен пана таппай

қашып жүргенінде Кейкі тығылған бұл үңгір Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Қорғасын аталатын ауылдың жанында [4].

1921 жылы Торғай қаласынан шыққан Александр Токаревтің отряды «Әліби шақырып жатыр» деп алдап қолға түсіріп, жанындағы серіктерін атып тастағандықтан амалын тауып, отряд бастығын өз қаруымен атып өлтірген Кейкі батыр екіқабат әйелі Ақжан мен інісі Түскенмен Амангелді ауданындағы «Жалаулы» деген жерге келіп паналағанында қоршауда қалып, атыста қаза тапты. Қызылдар Кейкінің басын кетпенмен, қолын қылышпен шауып алып, екіқабат әйелін ішіндегі баласымен бірге жарып өлтірді. Кейкімен қоса жеті адам жер жастанды. Кейкі Көкембайұлын өлтірген Торғай уезінің әскери комиссары М.Дудиннің отряды. Ол 1922 жылғы 10 сәуірде шәйіт болды. Мұны Қазақ КСР Төтенше тапсырманы орындайтын отрядының орталық штабқа жөнелткен жеделхаты растайды.

Қарттардың айтуынша: Кейкінің басы Торғай қаласы тұсындағы Торғай өзеніне салынған ағаш көпірде бір апта бойы ілініп қойылған. Орыстар Кейкі батыр Көкембайұлының басын кесіп алып, Торғай қаласының орталығында бағана басына 7 күн бойы іліп қойып, жұртты шошындырды. Содан кейін белгісіз жаққа алып кеткен.

Атақты тарихшы ғалым Манаш Қозыбаевтың арқасында Кейкі батырдың бас сүйегінің қайда екені анықталды. 1990 жылдары Манаш Қозыбаевтың Ресейге жіберген сұрауына ресми жауап келген болатын.

Кейкі батырдың бас сүйегін 1926 жылы Санкт-Петербургтегі Антропология және этнография мұражайына тапсырған адам – Д. Букинич. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға жөнелтеді, ал 1926 жылы республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургқа алып кеткен. Ол қазір Санкт-Петербургтағы антропологиялық қордың кунсткамерасында сақтаулы [5, 29].

Кейкі батырдың кесенесі 2007 жылы салынды. Ол Тасты өзенінің бойында, Арқалықтан бара жатқанда жолдың сол жағында қалады. Кейкінің кесенесі үлкен күмбезді, өзі төрт бұрышты. Кесененің артқы қабырғасына Кейкінің 3 шумақ салауаты мәрмәр тасқа жазылып, бекітілген, алдыңғы қабырғасына Әубәкір ағаның екі ауыз өлеңі жазылған мәрмәр тас орнатылған. Кесененің ішіндегі төр жақта батырдың бюсті тұр, ортасында батырдың бас сүйегі Санкт-Петербургтегі кунсткамерадан елге әкелінгенінде жерленуі үшін қабірі қазылып, үсті уақытша жабылып қойылған.

Туған-тустары Кейкі батырдың бас сүйегін елге әкеліп жерлеу үшін сан мәрте Ресейге ресми қарым-қатынас жасап сұратқандарымен «Мұражай жәдігерлері – мемлекет құндылықтары» деп, Ресей бермей отыр. Кейкіні өлтіргенде тәркіленген туының да қайда екені белгісіз...

Кейкі батыр есейіп, ер жігіт атанғаннан ақтық демі таусылғанынша, елі мен жерінің тәуелсіздігі, діні мен тілінің жойылып кетпеуі үшін күресті.

Кейкі батырдың әдебиеттегі бейнесі Ғабит Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында Кете батыр болып бейнеленеді. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында жұмбақталып айтылады. Кейкінің қарасөзде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы еді. Алайда кеңес заманында шыққан онда да аты анық айтылмаған. Кейкі бейнесі өз атымен анық айтылып, қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан шығарма Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны.

Журналист – жазушы Әубәкір Қылышбайұлының Кейкі батыр туралы «Қасірет», «Аңыз бен ақиқат», «Тегін білгеннің терістігі жоқ» деген де естелік әңгімелері бар.

«..Кейкі батыр өзінің шын өмірбаяны мен тарихын қаламның ұшымен қағазға емес, ұлтының азаттығын, дінін қорғап, жанкешті ісімен, қарудың күшімен, тұлпардың тұяғымен, мынау туып-өскен кең даласына, халқының жүрегіне жазып қалдырған жан екенін есте ұстағанымыз да жөн ғой. Кеңес өкіметі – кедейдің, езілген ұлттардың өкіметі дегенге, жалған бет-пердеге сенбеген. Ақтар қорғаушы, қызылдар жарылқаушы

дегенге нанбаған. Олардың бәрін де, тек отарлаушы, бостандығымыз бен дінімізден айырушы басқыншылар деп ұққан. Онысы, кәне, бекер болды ма? Кейкі батыр ақырына дейін бұл қасиетті істе басшыға қосшы болып, өздері қиын сәтте таңдап алған халқына берген серттеріне ақырғы демдері таусылғанша адал болды емес пе. Бұл – шындығын айтқанда, сонау жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің заңды жалғасы іспетті. Кене ханның тарихи бейнесінде Әбдіғапар хан тұрса, оның Наурызбай, Ағыбай батырлары тұғырында Амангелді мен Кейкі тұр. Ендігі жерде қызыл қысымның нұсқау сценарийімен жазылған бұл тарихи оқиғаның жаңсақ кеткен осындай тұстарына түзету енгізетін кез жетті».

«Сұлтан қайда, сүйегін қорлатпайтын,
Мен қазақтың боздауық қара шалы.
Боздағаннан қалмаған басқа амалы.
Кейкі атаның сүйегін жинай алмай,
Өлмеген соң әйтеуір жүр-ген әлі.
Сұлтан қайда, сүйегін қорлатпайтын,
Өлі-тірі аруақты сорлатпайтын.
Халқы үшін қор болған қайран Кейкі,
Көрі де жоқ, соны ойлап жай таппаймын».
Әубәкір Қылышбайұлы [3].

Сонымен аңызға айналған тұлға Кейкі батырға қатысты келесі фактілер назар аудартады:

Даңқты Құламерген ұрпағы Кейкінің атасы – Төрештің Торайғыры мен Жәуке-нің Сәбденбегі Кенесары көтерілісіне қатысқан жаужүрек қыпшақтар.

Сондай-ақ, айта кетер жайт, олардың діни сенімі де өте күшті еді. Мысалы, Кейкі батыр өле-өлгенше, қанша қуғын-сүргін көрсе де, бес уақыт намазын, оразасын қаза қылмай, Құран оқып, салауат айтып жүретін.

Кейкі айқасқа ғазауат айтып кіреді екен деуші еді қариялар.

- Батырдың жастық шағының бір кезеңі атақты бай Шашамбайдың Рахметісінің жылқысын бағуға, барымтаға қарымта қайтаруға кетті.

- орыстардың, қара шекпенділерді жақтайтындардың жылқыларын барымталайтын болған. Алайда, оның бәрін де туған-туыстарына, ауылының кедейлеріне үлестіріп, таратып береді.

- Кейін қалалық әкімдікте Фурманов ауылын Кейкі батыр ауылы деп атауға ұсыныс түсіп, бірқатар ұйымдастыру шаралары атқарылды.

- Кейкі батырдың есімімен де Арқалық қаласындағы, Амангелді, Жангелдин аудандарындағы көшелер аталады. Тек туып-өскен жерінде де, кейін өзі қоныстанған ата-бабалары – құландардың атамекені – Тасты өңірінде де, қуғын-сүргін көргенінде сүйген жары Ақжан екеуі паналаған аймақта да Кейкі батыр есімімен аталған бірде-бір елді мекен жоқ.

- 2010 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Қорғасын ауылындағы №2 орта мектепке Кейкінің аты берілді.

- Батыр бабамыздың бас сүйегін қазақ ғалым-жазушылары Т. Жұртбай, Ш. Әмірбек және Д. Рамазан өз көздерімен көріп қайтты. Хан Кененің басын іздеп жүріп Кейкінікі тапқан жазушы, зерттеуші Думан Рамазан: *«Атамыздың бас сүйегінің нөмірі – 3383 екен: «3383. Череп знаменитого бандита казаха Кейки, уроженца Кайдаульской вол., Тургайского у., казненного в Советский период. От Д.Д. Букинича в дар в 1926 г.»*[5, 29].

Кейкі батыр өте күрделі тұлға. Ол жай ғана батыр емес, көреген, данышпан адам болған. Кейкі батыр қазақ халқының нағыз жаужүрек батыры, оның ерлігін насихаттау бүгінгі ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің бір құралы бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. С. Тұрғынбекұлы Кейкі батыр: тарихи дастан. – Алматы: Білім, 2001. – 153 б.
2. Кейкі батыр. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т. 4 / Ә. Н. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. – 720 б.
3. М. Сүлеймен Тарихи тұлғалар. // Астана айнасы. – 2010. – 21-мамыр.
4. М. Сүлеймен Кейкі батыр туралы толғау. // Астана айнасы. – 2010. – 28-мамыр.
5. Ш. Құрманбай Кейкі батырдың басы шынымен шабылған ба? // Айқын. – 2007. – 8-ақпан. – 29 б.
6. М. Сүлеймен Кейкі мінезді қаламгер: Әубәкір Қылышбайұлы туралы сыр-толғау. // Астана айнасы. – 2010. – 12-наурыз.

АҒАРТУШЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ЭТНОГРАФ

Сұлупан Ихсанқызы Исенова

оқу ісінің меңгерушісі

Алға қалалық №3 қазақ мектебі

Ақтөбе облысы, Қазақстан Республикасы

Ыбырай Алтынсарин мұрасын зерттеу Кеңес дәуірінен ғана емес, әріден басталады. XIX ғ. ағартушы, этнограф – Ыбырай Алтынсарин. Ұлы ағартушыға ұстаздық-ағартушылық қызметке қоса басқа да жұмыстарды атқару жүктеледі. Орынбор генерал – губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья болып (1868 - 1879) қызметін, торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі (1876 - 1879) қызметін атқарады. Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі класстық орыс – қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. Әсіресе, елді көшпелі салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа білім беру тәсілін ұсыныс етеді [1, 23-24]. Нәтижесінде, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдік мектебі ашылады, Ыбырай мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қол өнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп интернат аштыруының мән – маңызы зор болды. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерінде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар дәрістерінде халықтың ауыз әдебитін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды [2].

Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуін айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән мағынасын жоймайды [3, 18-19].

Ыбырай ағарту ісімен бірге сол уақыттағы қоғамдық – саяси өмірге сергек араласып, ғылым білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты еңбектер жазды. Ыбырай қажырлы еңбектерінің нәтижесінде көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы «Қазақ хрестоматиясы» (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылды. Ақын бұл өлеңдерді